

## Ресми регламент

### 2024 жылғы «QAZAQ MARATHON TALDYQORGAN 2024» жүгіру жарысын өткізу регламенті

#### 1. Жалпы ақпарат және жарысты өткізу мақсаттары

2024 жылғы «QAZAQ MARATHON TALDYQORGAN 2024» (бұдан әрі – «Жарыс») – 21,1 км, 21 км Relay, 10 км, 5 км, 2 км (балалар қашықтығы) және скандинавиялық жүріс қашықтықтары бар жарыс. 2024 жылы Қазақстан аумағында 5 жарысты қамтитын QAZAQ MARATHON жарыс топтамасының бір бөлігі. Талдықоған қаласы мен бүкіл Қазақстанның тұрғындары мен қонақтарына арналған спорт мерекесі.

**Жарыс мақсаттары** – жүгіруді насихаттау, бұқаралық спортты дамыту, дені сау ұлтты қалыптастыру және дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау, зиянды әдеттерден бас тарту, Жарыстар өтетін қалаларда Жүгіру академияларын ашу.

#### 2. ЖАРЫС ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ

2.1. Жарысты өткізуге «QAZAQ MARATHON» КҚ басшылық етеді.

2.2. Жарысты дайындау мен өткізуді ұйымдастыру «QAZAQ MARATHON» КҚ Ұйымдастыру комитетіне (бұдан әрі – «Ұйымдастыру комитеті») жүктеледі.

#### 3. ЖАРЫСТЫҢ ӨТЕТІН КҮНІ МЕН ОРНЫ

3.1. Жарыс күні: 2024 жылғы «11» тамыз, сағ. 06:00-дан 13:00-ға дейін.

3.2. Жарыстың өтетін орны: Талдықорған қаласы. Барлық қашықтықтардың сәресі мен мәресі: Жастар паркі.

#### 4. ЖАРЫС ҚАШЫҚТЫҚТАРЫ

##### 4.1. қашықтықтар:

- ✓ 21,1 км;
- ✓ 21 км Relay;
- ✓ 10 км;
- ✓ 10 км скандинавиялық жүріс;
- ✓ 5 км;
- ✓ 2 км (балалар қашықтығы);

#### 5. ЖАС САНАТТАРЫ:

##### 5.1. 21 км қашықтығындағы жас санаттары:

- ✓ 18-29 жас;
- ✓ 30-39 жас;
- ✓ 40-49 жас;
- ✓ 50-59 жас;

- ✓ 60 жастан жоғары.

## **5.2. Возрастные категории 21 км Relay:**

- ✓ 15 лет жастан жоғары.

## **5.3. 10 км қашықтығындағы жас санаттары:**

- ✓ 15-19 жас;
- ✓ 20-29 жас;
- ✓ 30-39 жас;
- ✓ 40-49 жас;
- ✓ 50-59 жас;
- ✓ 60 жастан жоғары.

## **5.4. 5 км қашықтығындағы жас санаттары:**

- ✓ 15-19 жас;
- ✓ 20-29 жас;
- ✓ 30-39 жас;
- ✓ 40-49 жас;
- ✓ 50-59 жас;
- ✓ 60 жастан жоғары.

## **5.5. 2 км қашықтығындағы жас санаттары:**

- ✓ 8-9 жас;
- ✓ 10-12 жас;
- ✓ 13-14 жас.

## **5.6. 10 км скандинавиялық жүріс:**

- ✓ 15 жастан жоғары

## **6. ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР**

### **6.1. Жарысқа қатысуға мына жас санаттарындағы адамдар жіберіледі:**

- ✓ 21 км – 18 және одан жоғары жастағылар;
- ✓ 21 км Relay – 15 жастан жоғары;
- ✓ 10 км – 15 және одан жоғары жастағылар;
- ✓ 5 км – 15 және одан жоғары жастағылар;
- ✓ 3 км (балалар қашықтығы) – 8-14 жастағылар;
- ✓ 10 км скандинавиялық жүріс – 15 және одан жоғары жастағылар.

**6.2.** Жарысқа тіркелу кезінде Жарыс өтетін кездегі толық жас мөлшері есепке алынады.

**6.3.** Жарыста бір мезгілде бірнеше қашықтыққа қатысуға тыйым салынады.

## **7. ЖАРЫСҚА ТІРКЕЛУ**

**7.1.** 21 км, 21 км Relay, 10 км, 5 км және 2 км қашықтықтарындағы Жарыстарға қатысушыларды тіркеу [www.qazaqmarathon.kz](http://www.qazaqmarathon.kz) интернет-сайтында **2024 жылғы «15» шілдеде** басталып, **2024 жылғы «2» тамызда** немесе қатысушылар саны 1500-ге (бір мың бес жүз) қатысушыға жеткенде аяқталады.

**7.2.** Жарыстың корпоративтік қатысушыларын тіркеу [info@qazaqmarathon.kz](mailto:info@qazaqmarathon.kz) электронды поштасына сұраным жолдау арқылы жүзеге асырылады. Бір компаниядан Жарысқа қатысушылар саны 10 (он) адамнан артық болуы тиіс. Жарысқа қатысушылар саны 10 (он) адамға жетпейтін Ұйымдар / Компаниялар [www.qazaqmarathon.kz](http://www.qazaqmarathon.kz) интернет-сайтында өз бетінше тіркеледі.

Корпоративтік қатысушылар – Жарысқа қатысу ақысын Ұйымдастыру комитетінің есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару арқылы заңды тұлға төлейтін қатысушылар, олар 21 км, 21 км Relay, 10 км, 5 км, 2 км, 10 км скандинавиялық жүріс қашықтықтарына қатысады. Тіркеу корпоративтік қатысушылардың өкілінен Ұйымдастыру комитетінің электронды поштасына сұраным жіберіліп, арнайы нысан толтырылғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

**7.3.** Қатысушы [www.qazaqmarathon.kz](http://www.qazaqmarathon.kz) интернет-сайтында онлайн-тіркеу рәсімінен өтіп, Жарыстың нақты бір қашықтығына тіркелу фактісі бойынша берілген ID нөміріне сәйкес сөрелік жарнаны төлегеннен кейін ғана Жарысқа тіркеу рәсімі толық көлемде жүзеге асырылған болып саналады. Жарысқа қатысушылар тізіміне тек сөрелік нөмір берілген қатысушылар ғана енгізіледі. Сөрелік нөмір сөрелік жарна төленгеннен кейін ғана беріледі.

**7.4.** Жарысқа қатысушы тіркелу және сөрелік жарнаны төлеу арқылы осы Жарысты өткізу регламентінің барлық талаптарымен келіседі.

**7.5. Сөрелік жарналардың құны:**

- ✓ 21 км – **10 000 (он мың) теңге;**
- ✓ 21 км Relay – **80 000 (сексен мың) теңге;**
- ✓ 10 км – **9 000 (тоғыз мың) теңге;**
- ✓ 5 км – **8 000 (сегіз мың) теңге;**
- ✓ 2 км (балалар қашықтығы) – **5 000 (бес мың) теңге;**
- ✓ 10 км скандинавиялық жүріс – **9 000 (тоғыз мың) теңге.**

**7.6. Жарыста қашықтықты ауыстыру 2024 жылғы «2» тамызына дейін қоса алғандағы кезеңде ғана мүмкін болады.** Жарыс қашықтығын ауыстыру таңдалған Жарыс қашықтығында бос сөрелік нөмірлер болған жағдайда ғана мүмкін болады. Жарысқа қатысу сөрелік нөмірі сатып алынып қойған жағдайда, Ұйымдастыру комитетіне хабарласып, Жарыс қашықтығын ауыстыру үшін 1 100 (бір мың бір жүз) теңге төлеу қажет. Жарыс қашықтығы аздан көпке ауыстырылған жағдайда, слоттар құнының айырмасы да қосымша төленеді. **Жарыс қашықтығы көптен азға ауыстырылған жағдайда, слоттар құнының айырмасы қайтарылмайды! Жарыстың атаулы нөмірі бір қашықтықтан екіншісіне ауыстырылғанда атаулы нөмір сақталмайды.**

**7.7. Атаулы сөрелік нөмірлер 2024 жылғы 29 шілдесіне дейін (қоса алғанда) тіркеліп, сөрелік нөмірдің ақысын төлеген кезде беріледі.** Атаулы нөмірде қатысушының сайтқа тіркелу кезінде «Аты-жөні» бағанында толтырған аты-жөні көрсетіледі. Нөмірде лақап аттар, әдепсіз сөздер, саяси ұрандар және басқа да үндеулер көрсетілмейді.

**7.8. Жарысқа қатысу үшін төленген қаражат қайтарылмайды.** Дұрыс емес ID нөміріне жіберілген қаражат қайтарылмайды және Жарыстың басқа қатысушысына, сондай-ақ «QAZAQ MARATHON» КҚ басқа Жарысына қатысу ақысы ретінде аударылмайды. **Сөрелік нөмірді басқа адамға рәсімдеуге болмайды.** Қатысушының сөрелік нөмірі қайтарылмайды, айырбасталмайды және қайта рәсімделмейді.

**7.9. Сөрелік нөмірі жоқ қатысушылар Жарысқа жіберілмейді!**

**7.10.** Жарысқа қатысушының сөрелік нөмірі анық көрінуі тиіс. Жарысқа қатысушының сөрелік нөмірі алдыңғы жақта кеуде тұсында немесе бел буатын белдікте (нөмірге арналған арнайы орында) орналастырылуы тиіс.

**7.11. Жарысқа басқа біреудің нөмірімен қатысуға тыйым салынады!**

**7.12.** Мүгедектер арбасындағы қатысушылар мен арнайы жүгіру арбасында баласы бар қатысушылар ұйымдастырушы белгілеген уақытта бөлек кластерден сөреге шығады. Кластерге кіру үшін 2024 жылғы 5 тамыз күнгі сағ. 18:00-ге дейін [info@qazaqmarathon.kz](mailto:info@qazaqmarathon.kz) адресіне алдын ала өтінім жіберу қажет. Арбадағы қатысушыда, сондай-ақ оны алып жүретін адамда 2024 жылғы «Qazaq Marathon Qonaev» жарысының сөрелік нөмірі болуы міндетті.

**7.13.** Жүгіру арбасында баласы бар спортшылардың қатысуына қойылатын талаптар. Арбада алып жүретін адамның қолына бекітілетін қауіпсіздік белдігі, үрлемелі доңғалақтары болуы тиіс, бала қауіпсіздік белдігімен бекітілуі, алдыңғы доңғалақтары белгілі бір қалыпта бекітілген болуы тиіс.

**7.14.** Мүгедектігі бар қатысушылар сөрелік нөмірді тегін алуға құқылы. Тегін қатысуға өтінім [info@qazaqmarathon.kz](mailto:info@qazaqmarathon.kz) электронды адресіне 2024 жылғы 5 тамызға дейін қабылданады. Өтінімде мына деректер: іс-шараның бірегей ID нөмірі, қатысушының аты-жөні, мүгедектігін растайтын құжаттары көрсетілуі тиіс. Мүгедектігі бар қатысушыларға арналған слоттар саны шектеулі. Барлық тегін сөрелік нөмірлер алынып қойған жағдайда, Ұйымдастыру комитеті спортшыға тегін қатысу мүмкіндігін бермеу құқығын өзіне қалдырады.

## **8. ELITE КЛАСТЕРІ**

**8.1. ELITE** – біліктілік уақыты расталған Жарыс қатысушыларына арналған сөрелік кластер.

**8.2.** 21,1 км қашықтығында Жарыстың элиталық санатының құрамына енгізу [www.qazaqmarathon.kz](http://www.qazaqmarathon.kz) сайтында онлайн тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асырылады.

**8.3.** Жарыстың элиталық санатына біліктілік алу үшін спортшыға **2024 жылғы «2» тамызға** дейін [info@qazaqmarathon.kz](mailto:info@qazaqmarathon.kz) электронды адресіне өтінім жіберу және біліктілік уақытына сәйкес келетін расталған нәтижелерді ұсыну қажет. Ұқсас

қашықтыққа өтінім бергенге дейінгі соңғы 3 (үш) жыл ішінде өткен жүгіру жарыстарының ресми нәтижелері ескеріледі. Нәтиже іс-шараны Ұйымдастыру комитетінің ресми сайтында немесе басқа да ресми ақпарат көздерінде жариялануы тиіс, Жарыстың элиталық санатына үміткер сол нәтижеге сілтеме жасайды.

**8.4.** Мобильді қолданбадағы жаттығу нәтижелері мен басқа да нәтижелер растау болып табылмайды.

**8.5.** 21 км қашықтығында элиталық санатқа қосылудың біліктілік уақыты:

- ерлерде: 21,1 км қашықтығында 01сағ:20м:00с дейін;
- әйелдерде: 21,1 км қашықтығында 01сағ:40м:00с дейін.

## **9. RELAY. 4 (төрт) адамдық Эстафета**

**9.1.** Команда 4 (төрт) адамнан тұрады. Команданың әр мүшесі қашықтықтағы өз бөлшегін жүгіріп өтеді.

**9.2.** Әр команда 21,1 қашықтығын келесі белгіленген тәртіппен жүгіріп өту керек - 5 км, 6 км 200 м, 5 км, 5 км.

**9.3.** Екі команда құрамында немесе қашықтықтың екі бөлшегін жүгіруге тыйыс салынады. Сондай-ақ 21 км RELAY қатысушысына басқа қашықтықтарға қатысуға болмайды.

**9.5.** Relay қашықтығына қатысу құны – 80 000 (сексен мың) теңге.

**9.6.** Relay Эстафетасына тіркелу 2024 жылғы «15» шілдеден «2» тамызға дейін немесе Relay командалырың саны 15 (он бес) жеткенге дейін жүзеге асырылады.

**9.7.** Эстафетаны беру нүктелері:

1 қатысушы (жарыс қалашығы) – Жастар паркі

2 қатысушы – Жағалау

3 қатысушы – Промбаза

4 участник – Жағалау (емханаға қарама қарсы)

## **10. СӨРЕЛІК ЖИНАҚТАРДЫ БЕРУ**

**10.1.** Жарыс қатысушыларына сөрелік жинақтар **2024 жылғы «9» және «10» тамыз күндері, сағ. 10:00-ден 20:00-ге дейін қоса алғандағы уақытта беріледі. Беру орны: Талдықорған қ. Нақты мекенжайы кейінірек хабарланады.**

**Назар аударыңыз!** Жарыс қатысушыларына сөрелік жинақтар басқа күндері және Жарыс өтетін орында берілмейді.

**10.2.** Қатысушының сөрелік жинағына бір сөрелік нөмір, бір нәтижені тіркеу чибі, бір қатысушы жадынамасы, бір сөмке, 4 (төрт) түйреуіш кіреді.

**10.3. Сөрелік жинақты алу кезінде мына құжаттарды толық көлемде ұсынған (Ұйымдастыру комитетіне тапсырған) қатысушылар Жарысқа қатысуға жіберіледі:**

**18 жасқа толмаған қатысушылар:**

- Жеке куәлігінің немесе туу туралы куәлігінің қағазға басып шығарылған көшірмесі;
- Ата-анасының немесе қамқоршысының (қамқоршыларының) Жарысқа қатысуға рұқсат беретіні туралы қағазға басып шығарылған қолхаты;
- Қолхатқа қолдарын қойған ата-ананың немесе қамқоршылардың (қамқоршының) жеке куәліктерінің қағазға басып шығарылған көшірмесі.

**18 және одан жоғары жастағы қатысушылар:**

- Жеке куәлігінің қағазға басып шығарылған көшірмесі;
- Денсаулығы туралы қағазға басып шығарылған қолхаты.

**10.4.** Жарысқа Қатысушы сөрелік жинағын өзі алып кете алмайтын жағдайда, оны сөрелік жинақ берілетін күні алып кететін адамның жеке куәлігінің көшірмесін (**қағазға басып шығарылған**), сөрелік жинағы алынатын қатысушының жеке куәлігінің көшірмесін (**қағазға басып шығарылған**), Жарысқа қатысушының атынан жазылған және оның өзі қол қойған қолхатты көрсету арқылы басқа адам алып кете алады.

**10.5.** Қатысушы сөрелік нөмірді сатып алған, бірақ ауырып қалуына, жарақат алуына, басқа қалаға, іссапарға кетуіне, жұмыс ауысымына байланысты Жарысқа қатыса алмайтын жағдайда, қатысушы Жарыстағы өз қашықтығына сәйкес қашықтықты басқа күні немесе басқа орында жүгіріп өтіп, жарыс өткеннен кейін 3 (үш) аптаның ішінде «QAZAQ MARATHON» КҚ офісінен медалін алып кете алады. Онлайн қатысу туралы хабарламаны қатысушы 2024 жылғы 10 тамыз күні сағат 18:00-ге дейін [info@qazaqmarathon.kz](mailto:info@qazaqmarathon.kz) поштасына жіберуі тиіс.

**10.6.** Басқа жағдайлар 2024 жылғы 10 тамыз күнгі сағ. 14:00-ге дейін [info@qazaqmarathon.kz](mailto:info@qazaqmarathon.kz) поштасына өтінім берген кезде жеке қарастырылады.

## **11. ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ШЫҒЫНДАРЫ**

**11.1.** Жарысты ұйымдастыру және өткізу шығындарын Ұйымдастыру комитеті көтереді.

**11.2.** Жарыстың жол жүрумен, орналасумен және тамақтанумен байланысты шығындарын қатысушыларды іссапарға жіберген ұйымдар немесе Жарысқа қатысушылардың өздері көтереді.

## **12. ЖАРЫСТАР БАҒДАРЛАМАСЫ (кейінірек жарияланады)**

**12.1. Қашықтықтарды жүгіріп өтуге арналған уақыт шектеулері:**

21,1 км км қашықтығын жүгіріп өтуге арналған уақыт шектеуі – 3 сағат 00 минут,

21,1 км қашықтығында бірінші айналымды (бірінші жартысын) 1,5 сағаттан артық уақытта жүгіріп өткен қатысушы екінші айналымға жіберілмейді.

10 км қашықтығын жүгіріп өтуге арналған уақыт шектеуі – 2 сағат 00 минут,

10 км қашықтығында бірінші айналымды (бірінші жартысын) 1 сағаттан артық уақытта жүгіріп өткен қатысушы екінші айналымға жіберілмейді.

5 км қашықтығын жүгіріп өтуге арналған уақыт шектеуі – 1 сағат 00 минут,

2 км қашықтығын жүгіріп өтуге арналған уақыт шектеуі – 00 сағат 30 минут,

10 км Скандинавиялық жүріс қашықтығын жүріп өтуге арналған уақыт шектеуі – 2 сағат 00 минут.

Белгіленген уақытта мәреге үлгермеген қатысушы жарыстан шығып, мәреге өз бетімен немесе арнайы ең артта жүріп отыратын машинамен жетуі керек. Қатысушыға DNF (Did Not Finish) деген статус беріледі.

### **13. САҚТАУ КАМЕРАСЫ**

**13.1.** Қатысушылардың заттары сақтау камерасына қатысушылар сөрелік жинақты беру кезінде алатын 2024 жылғы «Qazaq Marathon Abay» сөмкелерімен ғана қабылданады.

**13.2.** Ұйымдастырушы Қатысушы сөмкесінің ішіндегі заттардың сақталуына жауапты болмайды.

**13.3.** Ірі көлемді сөмкелер және 2024 жылғы «Qazaq Marathon Taldyqorgan» сөмкесіне салынбаған басқа да заттар сақтау камерасына қабылданбайды (13.1-тармақты қараңыз).

**13.4.** Сақтау камерасына бағалы заттарды, ақшаны, әшекейлерді өткізбеуге кеңес береміз. Ұйымдастыру комитеті сөмкелердегі заттардың жоғалғаны туралы кінәрат-талаптарды қарастырмайды.

**13.5.** Заттарды сақтау камерасына өткізу кезінде қатысушы сөрелік нөмірге бекітілетін стикерді алады. Стикер жоғалған жағдайда, сөмке Қатысушыға жарыс өткен күні берілмейді. Сөмкені шара аяқталғаннан кейін бір аптаның ішінде алып кетуге болады. Ол үшін міндетті түрде сөмкенің ішіндегі заттарды нақты атап беру қажет. Беру орны кейінірек ресми ақпарат көздерінде көрсетіледі.

### **14. НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУ**

**14.1.** Жарыс қашықтықтары бойынша жарыс қатысушыларының нәтижесі Жарыстың электронды хронометраж жүйесінде тіркеледі және оны Жарыстың төрешілер алқасы растайды. Жарыс қашықтықтары бойынша жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау мәре сызығына жету фактісі бойынша жүзеге асырылады.

**14.2.** Жарыстың ресми нәтижелері Жарыс аяқталғаннан кейін 24 (жиырма төрт) сағат ішінде [www.qazaqmarathon.kz](http://www.qazaqmarathon.kz) интернет-сайтында жарияланады.

Қатысушылардың Жарыс ережелерін бұзғаны туралы ақпарат алынғаннан кейін Ұйымдастыру комитеті фото/бейнежазбаны талдау арқылы Жарыс өткен орынды қайта тексеруге құқылы және, қатысушылардың Жарыс ережелерін бұзғаны анықталған жағдайда, қорытынды хаттаманы өзгерту туралы түпкілікті шешім шығаруға құқылы.

**14.3.** Жарысқа қатысушының нәтижесі сөрелік нөмір дұрыс орналасқан жағдайда ғана тіркеледі.

**14.4.** Жарыстың Ұйымдастыру комитеті төмендегі жағдайларда Жарысқа қатысушылардың әрқайсысы жеке нәтижесін 100% алатынына кепілдік бермейді:

- Чип дұрыс бекітілмегенде;
- Чип магнитсізденгенде;
- Чип киіммен немесе басқалай жабылғанда;
- Жарыстың Төрешілер алқасының шешімі бойынша Жарысқа қатысудан шеттетілгенде;
- Қатысушы чипті зақымдап алғанда.

**14.5. Қорытынды шығару кезінде қолданылатын терминология:**

- DNS – Did not start (қатысушы сөреге шықпады)
- DNF – Did not finish (қатысушы мәреге жетпеді)
- DSQ – Disqualified (қатысушы жарыстан шеттетілді)
- CR – Championship Record (жарыстар рекорды)
- GUN TIME – Қатысушының мәреге жету уақыты. Сөре белгісінің берілуінен бастап қатысушының мәре төсеніштерін кесіп өтуіне дейінгі уақыт
- CHIP TIME – Қатысушының жеке уақыты. Қатысушының сөре төсеніштерін кесіп өтуінен бастап мәре төсеніштерін кесіп өтуіне дейінгі уақыт

**Жеңімпаздар мен жүлдегерлер қатысушының GUNTIME мәреге жету уақыты бойынша анықталады.**

## **15. ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ**

**15.1. 21 км-ге жарыс** ерлер мен әйелдер арасындағы қатысушыларды абсолютті біріншілікте 1-3 орындар үшін марапаттау.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері ақшалай сертификат, грамота, медаль және бағалы жүлде алады. Жарыстың осы қашықтығындағы абсолюттік есептегі жеңімпаздар жас санаттарында марапатталмайды.

**15.2. 21 км-ге жарыс** ерлер мен әйелдер арасындағы қатысушыларды жас санаттарында 1-3 орындар үшін марапаттау. Жарыстың осы қашықтығындағы



жеңімпаздар мен жүлдегерлер ақшалай сертификат, грамота, медаль және бағалы жүлде алады.

**15.3. 21 км RELAY жарысына** қатысушыларды абсолютті біріншілікте 1-3 орындар үшін марапаттау. Жарыс жүлдегерлері ақшалай сертификат, грамота және бағалы жүлде алады. Жеңімпаз команда кубокқа ие болады.

**15.4. 10 км-ге жарыс** ерлер мен әйелдер арасындағы қатысушыларды жас санаттарында 1-3 орындар үшін марапаттау. Жарыстың осы қашықтығындағы жеңімпаздар мен жүлдегерлер ақшалай сертификат, грамота, медаль және бағалы жүлде алады.

**15.5. 5 км-ге жарыс** ерлер мен әйелдер арасындағы қатысушыларды жас санаттарында 1-3 орындар үшін марапаттау. Жарыстың осы қашықтығындағы жеңімпаздар мен жүлдегерлер ақшалай сертификат, грамота, медаль және бағалы жүлде алады.

**15.6. 2 км-ге жарыс** ұлдар мен қыздар арасындағы қатысушыларды жас санаттарында 1-3 орындар үшін марапаттау. Жарыстың осы қашықтығындағы жеңімпаздар мен жүлдегерлер ақшалай сертификат, грамота, медаль және бағалы жүлде алады.

**15.7.** «10 км Скандинавиялық жүріс» қашықтығында марапаттау болмайды.

**15.8.** Жарыстың жүгіру қашықтықтарында мәреге жеткен (шектеулі уақытта келіп үлгерген) барлық қатысушылары және «10 км Скандинавиялық жүріс» қашықтығындағы қатысушылар мәресінің естелік медалін алады.

**15.9.** Ақшалай жүлделер Жарыс өткеннен кейін 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Жарыс жеңімпазының жеке банктік шотына аудару арқылы беріледі. Алу үшін Жарыс жеңімпазы Жарыс өткізілгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде [info@gazaqmarathon.kz](mailto:info@gazaqmarathon.kz) электронды поштасына мына құжаттарды жіберуі тиіс:

- **Резиденттер үшін:**

- Банктік шоттың болуы туралы анықтаманы, сондай-ақ жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін;

- **Бейрезиденттер үшін:**

- Жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін, банктің атауын, банк бөлімшесінің мекенжайын және ақшаны алатын қаланың атауын.

**15.10.** Жарыс қатысушысы жүлделі орынды иеленгені үшін сыйлығын Жарыс кезінде алып кетпеген жағдайда, ол оны Жарыс өткеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде алып кете алады. Нақты беру орны кейінірек ресми ақпарат көздерінде жарияланады.

**15.11.** Жарысқа қатысушы сыйлықтарды өздігінен алып кете алмайтын және оларды алуды сенімді адамға табыстай алмайтын жағдайда, Жарыс жеңімпазы [info@gazaqmarathon.kz](mailto:info@gazaqmarathon.kz) электронды поштасына Ұйымдастыру комитеті алушының есебінен сыйлықтарды жолдай алатын мекенжайды жіберуі тиіс. Бұл опция тек Қазақстан Республикасының резиденттері үшін қолжетімді.

**15.12.** Мерзім аяқталғаннан кейін Ұйымдастырушы жеңімпаздарға сыйлықтарды бермеу құқығын өзіне қалдырады.

## **16. ЖАРЫСТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**Жарыстар 2023-2024 жж. World Athletics (бұдан әрі – WA) ережелері бойынша өткізіледі.**

**16.1.** Кеңес беріледі:

- Екі және одан көп қатысушылармен бір қатарда жүгірмеуге.
- Жай жүруге көшкенде жолдың оң жағын ұстануға.

**16.2.** Тыйым салынады:

- Арбадағы спортшылардан және балаларға арналған арнайы жүгіру арбалары бар қатысушылардан басқа барлық адамдарға кез келген механикалық қозғалыс құралдарын (самокат, электр самокаты, велосипед, роликтер және т.б.) пайдалануға.
- Серуендеу арбаларымен қатысуға.
- Жарысқа құлаққаппен қатысуға.
- Алкогольден немесе есірткіден масаю күйінде қатысуға.
- Басқа қатысушыларға қауіпті болуы мүмкін кез келген заттармен қатысуға.
- Трассада тоқтауға. Өзін нашар сезінген жағдайда, қатысушы мүмкіндігінше Жарыстың басқа қатысушыларының қозғалысына кедергі келтірмей, жол шетіне шығуы және жарыс жолындағы еріктілерден немесе медицина қызметкерлерінен дереу көмек сұрауы қажет.
- Жануарлармен қатысуға.
- қатысушы Жарыс кезінде тамақ немесе сусын алып жатқанда, оның жанында ешкім болмауы тиіс.

Қатысушылардың қозғалысына және Ұйымдастыру комитетіне басқа да тәсілдермен кедергі жасауға.

## **17. ЖАРЫСТАН ШЕТТЕТУ**

**17.1.** Жарыстың Ұйымдастыру комитеті мына жағдайларда Жарысқа қатысушыны жарыстан шеттетуге және қорытынды хаттамадан шығаруға құқылы:

- Жарысқа сөрелік нөмірсіз немесе басқа біреудің сөрелік нөмірімен қатысса;
- басқа қашықтықта немесе басқа кластерден қатысса;
- қашықтықты қысқартса;
- 2 (екі) және одан көп қашықтықта қатысса;
- қатысушы жүгіруді жарыс ресми түрде басталмай тұрып бастаса;
- қатысушы жүгіруді сөре аймағы жабылғаннан кейін бастаса;
- қатысушы Жарыстың Ұйымдастыру комитетінің, төрешілерінің немесе бас дәрігерінің нұсқаулары мен ескертулеріне назар аудармаса;
- қатысушы Жарыс ережелерін бұзса.

**17.2.** Медициналық көрсетімдер бойынша жарыс төрешілері берген немесе олардың басшылығымен берілген жағдайлардан басқасында, тамақты немесе суды Жарыстың Ұйымдастыру комитеті бекіткен ресми тамақтану орны болып табылмайтын басқа жерден немесе басқа қатысушыдан алған қатысушыға төреші бастапқыда сары картаны көрсету арқылы ескерту жасауы тиіс. Ережені екінші рет бұзғанда, төреші қызыл картаны көрсету арқылы қатысушыны жарыстан шеттетуге құқылы.

**17.3.** Қатысушының Жарыс өтіп жатқан кезде құлаққап пайдаланғаны анықталған жағдайда, ол жарыстан шеттетіледі (14.2-тармақты қараңыз);

**17.4.** Қатысушы шараны ұйымдастырушыларға, төрешіге, еріктілерге, дәрігерлерге қатысты дәрекі, қорлайтын және әдепсіз сөздерді қолданғаны үшін жарыстан шеттетіледі.

**17.5.** Саяси, әлеуметтік және т.б. митингтерді, арандатушылық үндеулерді, саяси үгіттеулерді, наразылық акцияларын, демонстрацияларды өткізуге, сондай-ақ саяси, әлеуметтік бағыттармен байланысты кез келген атрибуттарды, логотиптерді пайдалануға тыйым салынады. Осы тармақты бұзғаны үшін Қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

## **18. ТӨРЕЛІК**

**18.1. Төрешілер құрамы** Жарыс ережелерінің сақталуын қадағалайды.

**18.2. Жарыстың Төрешілер құрамына мыналар кіреді:**

- **Жарыстың Бас төрешісі:**

Жарыстың Бас төрешісі Жарыстың жекелеген төрешілері арасында міндеттерді бөледі, ал Жарыс аяқталған кезде бас төреші Жарыстың Ұйымдастыру комитетіне ол туралы жазбаша есеп береді.

- **Уақыт өлшеуші:**

Жарыстың уақыт өлшеушісі нәтижелерді шығарады, хаттамаларды өңдейді, төрешілерге және кейінірек Жарыстың ресми сайтына қорытынды нәтижелерді дайындайды.

- **Сөре-мәре аймағының төрешілері:**

Жарыстың сөре-мәре аймағының төрешілері сөре кезінде ережелердің сақталуы және ешкімнің артықшылықтарға ие болмауы үшін Жарысқа қатысушылардың қашықтыққа кластерлерге сәйкес шығуын қатаң қадағалайды. Мәре түзуінде төрешілер алғашқы 80 (сексен) мәрешіні тіркейді. Хаттамалар нәтижелерді хронометраж жүйесімен салыстырып тексеру үшін Жарыстың Бас төрешісіне ұсынылады.

**18.3. Жарыстың Бас дәрігері:**

Жарыстың Бас дәрігері жарыс жолында және Жарыстың сөре-мәре қалашығында медициналық қызметкерлер мен Жарыстың медициналық еріктілерінің жұмысын

үйлестіреді және бақылайды. Қажет болған жағдайда, Жарыстың Бас дәрігері қатысушыны Жарыстан алып тастауға құқылы.

## **19. ФОРС-МАЖОР**

**19.1.** Форс-мажор жағдайлары туындаған жағдайда, Ұйымдастыру комитеті өзінің ресми ақпарат көздерінде қажетті ақпаратты жылдам орналастырады.

**19.2.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметтерінен Жарыс өткізуге ресми тыйым салынған жағдайда, жарыс Ұйымдастыру комитеті белгілеген мерзімге ауыстырылады. Жарысқа қатысушылардың бұрын енгізілген барлық сөрелік жарналары Жарысты өткізудің жаңа күніне ауыстырылады. Жарысты өткізудің жаңа күнін ұйымдастыру комитеті қатысушыларға осы Регламенттің 22-бабында көрсетілген Жарыстың ресми ақпараттық көздерінде ақпаратты орналастыру арқылы, сондай-ақ жарысқа тіркелу кезінде жеке кабинетте көрсетілген қатысушының жеке поштасына хабарламалар жіберу арқылы айтатын болады.

## **20. НАРАЗЫЛЫҚТАР МЕН КІНӘРАТ-ТАЛАПТАР**

**20.1.** Наразылықтар Жарыстың Ұйымдастыру комитетіне беріледі және оларды Жарыстың Төрешілер құрамы қарайды.

**20.2.** Жарысқа Қатысушы Жарыс аяқталғаннан кейін күнтізбелік 2 (екі) күн ішінде кінәрат-талап қоюға құқылы.

Кінәрат-талаптар [info@qazaqmarathon.kz](mailto:info@qazaqmarathon.kz) электронды поштасына жіберіледі.

Кінәрат-талап қою кезінде Жарысқа қатысушы мына деректерді көрсетуі қажет:

- қатысушының аты-жөні (анонимді өтініштер қаралмайды);
- кінәрат-талаптың мәні (егжей-тегжейлі сипаттау)
- кінәрат-талап қою негіздері (фотосурет немесе бейнежазба).

**20.3.** Жарыстың Ұйымдастыру комитеті наразылық және/немесе кінәрат-талап алынған мезеттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Жарыс қатысушысына ресми жауап дайындайды, ол кінәрат-талап/наразылық берілген электронды адреске жіберіледі.

**20.4.** Кінәрат-талаптар тек Жарыс қатысушыларынан ғана қабылданады.

## **21. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫН АККРЕДИТТЕУ**

**21.1.** Жарысқа аккредиттеу үшін **2024 жылғы «7» тамызға дейін** [info@qazaqmarathon.kz](mailto:info@qazaqmarathon.kz) электронды поштасына деректерді (БАҚ атауы, тілшінің, оператордың, фотографтың аты-жөні, байланыс телефоны және e-mail адресі) жіберу қажет.

## **22. ЖОБАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БӨЛІГІ**

«Qazaq Marathon 2024» – әлеуметтік жоба. Біздің мақсатымыз – еліміздің әр түрлі аймақтарында қазақстандықтарды спортқа деген сүйіспеншілікке баулу, атап айтқанда, жүгіруге көптеп тарту. Қатысушылардың сөрелік жарналарының бір бөлігі халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балалардың жарысқа қатысу ақысын төлеуге жұмсалады. Жарыс өткеннен кейін әр қалада JRun жүгіру академиясының кәсіпқой жаттықтырушысы жұмыс істейтін жүгіру мектебі қалады, онда балалар жүгірумен тегін айналыса алады.

**22.1.** «QAZAQ MARATHON» КҚ бұқаралық ақпарат құралдарында және сайтта осы игі істің жүзеге асырылуы туралы есеп беруді жариялайды.

### **23. ЖАРЫСТЫҢ РЕСМИ АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ**

**23.1.** Жарыс туралы толық ақпарат [www.qazaqmarathon.kz](http://www.qazaqmarathon.kz) интернет-сайтында, сондай-ақ Ұйымдастыру комитетінің мына әлеуметтік желі аккаунттарында орналастырылған:

<https://www.instagram.com/qazaqmarathon/>

<https://www.facebook.com/profile.php?id=61557668045818>

<https://www.linkedin.com/company/qazaq-marathon/>

**Жарыстың Ұйымдастыру комитеті басқа ақпараттық ресурстарда орналастырылған ақпарат үшін жауапкершілік көтермейді.**

### **24. ЖАРЫС ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАУ ҚҰҚЫҚТАРЫ**

**24.1.** Спорттық жарыстың бейнесін және (немесе) дыбысын кез келген тәсілмен және (немесе) кез келген технологияның көмегімен трансляциялау, сондай-ақ аталмыш трансляцияны бейнежазбаға түсіру арқылы Жарыс туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаудың айрықша құқығы «QAZAQ MARATHON» КҚ-на (бұдан әрі — Құқық иесі) тиесілі.

Құқық иесі спорттық жарыс туралы ақпаратты жариялау құқықтарын үшінші тұлғалардың сатып алуы туралы үшінші тұлғалармен жазбаша түрде шарттар жасасуға құқылы.

**25. Осы Жарысты өткізу регламенті Жарысқа қатысуға ресми шақыру болып табылады.**

**26. Ұйымдастыру комитеті осы Жүгіру жарысын өткізу регламентіне түзетулер енгізу құқығын өзіне қалдырады.**